

Тайынша Маңы

Тайынша аудандық қоғамдық-саяси газеті
2006 жылдың 3 ақпанынан шыға бастады

№ 9 (1084) 6 наурыз, 2026 жыл

facebook.com/tainsha.tany



http://tainshatany.kz



tainsha_tan@list.ru

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

15 НАУРЫЗ
МАРТА

РЕФЕРЕНДУМ

ELECTION.
GOV.KZ

Важен голос каждого из нас!

ҚҰРМЕТТІ ӘЙЕЛДЕР ҚАУЫМЫ! АНАЛАРЫМЫЗ БЕН ҚЫЗ – КЕЛІНШЕКТЕР!!!

Халықаралық әйелдер күнімен менің ең жылы, шын жүректен құттықтауымды қабыл алыңыздар!

Көктемнің осы керемет мерекесі барлық уақытта әйел сақтаушысы болған ең жарқын, өмірді растайтын қағидаттарды бейнелейді. Ол біздің аналарымызға, әйелдерімізге, қыздарымызға, әпкелерімізге, әріптестерімізге және пікірлестерімізге деген шынайы ризашылық сезімін оятады.

Біздің көптеген солтүстікқазақстандық әйелдеріміздің есімдері саясатта, экономикада, білім беруде, денсаулық сақтауда, мәдениет пен спортта лайықты орын алады. Ел Президенті Қ.Қ. Тоқаевтың алға қойған міндеттеріне қол жеткізуде көрсеткен баға жетпес қолдауларыңыз үшін, ауданымыздың және Солтүстік Қазақстан облысының дамуына қосқан үлестеріңіз үшін шын жүректен алғыс айтамын. Сіздердің еңбексүйгіштіктеріңіз бен сезімталдықтырыңыз, күнделікті өмірде даналықтырыңыз бен болашаққа қамқорлықтарыңыз үшін ризашылығымды білдіремін. Сіздердің сарқылмас мейірімділіктеріңіз, ақ пейілдеріңіз, әр күнді жарқын және бақытты ете білгендеріңіз үшін мың Алғыс!

Сіздердің қолдауларыңыздың арқасында біз міндетті түрде алға қойған мақсаттарымызға қол жеткіземіз деп сенемін!

Сіздерге көктемгі көңіл, қажымас қайрат, шығармашылық шабыт, бақыт пен береке – бірлік тілеймін!

Барлық аналарымыз бен қыздарымызға шын жүректен керемет мерекелік көңіл-күй, сұлулық, жақсылық пен амандық тілеймін! Табиғаттың ең тамаша сыйы сіздерсіздер, аяулы да қымбатты Аналар! Сіздердің жан жылуларыңызбен, қамқорлықтарыңызбен қоғам өміріндегі барлық игілік жасалады. Мерекелеріңізбен!

Берік ӘЛЖАНОВ, Тайынша ауданының әкімі

ҚЫМБАТТЫ АНАЛАР, АЯУЛЫ АРУЛАР!

8 наурыз аналарымызға, әкелеріміз бен қарындас-тарымызға, жұбайларымызға қошемет көрсететін көктемнің ең нұрлы да жарқын мерекесі. Уақыт айғақтап отырғандай, биязы әрі сүйкімді, нәзік әрі сұлу құдай қосқан қосақтарымыз, сонымен бірге күшті де айнымас дос та бола білді. Бүгінгі таңда олар нәзік жаралған жандар ғана емес, жетістікке жеткен кәсіпкер әйелдер, кәсібилігі жоғары дәрігерлер мен мұғалімдер, құқық қорғау органдарының батыл қызметкерлері. Әйелдер әрқашан еліміздегі тұрақтылық пен ұлтаралық келісімнің негізі бола білді.

Аяулы әйелдер қауымы, ауданның әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына қосып жүрген орасан зор үлестеріңіз үшін, қажырлы еңбектеріңіз, көрегендіктеріңіз, төзімділік пен ізгіліктеріңіз үшін шынайы ризашылығымды білдіргім келеді. Сіздерді халықаралық әйелдер күнімен құттықтай отырып, шын жүректен татулық, жақсылық, отбасыларыңызға амандық-саулық пен өркендеу тілеймін. Жайнаған жүздеріңізді әрдайым шаттық пен күлкі нұрландыра берсін! Ең асыл армандарыңыз орындала берсін!

Мерекелеріңіз құтты болсын, қымбатты әйелдер!

Сәрсенбай БЕКШЕНОВ,
Тайынша аудандық мәслихатының хатшысы.

ҚҰРМЕТТІ НӘЗІК ЖАНДЫ АРУЛАР

Жер бетіндегі жақсылық, ізгілік, қайырымдылық атаулының бәрі аналарға тән қасиет. Әйел-аналардың қадір-қасиетін құрметтеп отыруды парызымыз деп білеміз. Жылы шырайлы көктемнің алғашқы мерекесі – 8 наурыз Халықаралық әйелдер күнімен Сіздерді шын жүректен құттықтаймыз! 8 наурыз – аяулы аналарға тән әсемдік пен сұлулықтың, күллі әлемге шуақ шашқан мейірімнің мерекесі. Бұл мереке жалпы адамзатқа әйел затының отбасындағы рөлін айғақтатып қана қоймай, олардың қоғамдық өмірдегі белсенді қызметін көрсетеді.

Бүгінгі күні қоғамымыздағы Сіздердің қажырлы еңбектеріңізбен жасалып жатқан бар игілік пен жақсылықтар еліміздің баянды болашағының кепілі деуге толық негіз бар. Сондықтан да, еліміздегі аналарға деген қамқорлық пен қолдау үнемі күн тәртібіндегі негізгі мәселе болып қала береді. Мемлекеттік деңгейдегі қабылданып жатқан бағдарламалар мен заңнамаларда қамтылғандай әлеуметтік тұрғыда аналарға деген шынайы құрмет пен қамқорлық басты назарда. Бүгінгі таңда әйел азаматшалар экономикамыздың барлық саласында жұмыс істеп, басшылық қызметтің де бел ортасында жүр, мәселе шешуде жауапкершілік жүгін қоса арқалап келеді. Мерекелеріңізбен, ардагер аналар!

А.П.Рафальский,
аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы.

ҚЫМБАТТЫ АНАЛАР!

Сіздерді 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні, көктемнің жайма шуақ мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Барлығымыз үшін бұл мереке – табиғат Ана оянуының және қуаныш пен үміттің нышаны. Көктемгі күн көзінің алғашқы шуақтары сияқты, сіздер, қымбатты әйелдер, айналаңыздағы барлық тіршілік атаулыны жылытып, нұрландыра түсесіздер. Жаңа ғасырдағы қазақтандық әжелер мен аналардың алдында мемлекеттің жетістіктерін арттыру және Қазақстанды тек алға жетелеуге қабілетті ұрпақ өсіру сынды ұлы міндет тұр. Сіздер бір отбасын ғана емес, бүкіл әлемді аялы алақандарыңызбен тербете алатын, адамзат баласының ары, рухы, жігерісіздер. Тәуелсіз Қазақстанымыздағы бейбіт тірлік пен бірліктің, жарқын болашаққа деген сенімнің, ізгілік пен мейірімділіктің ұйытқысы да өздеріңіз.

Қымбатты аналар мен қыз-келіншектер! Сіздердің даналықтырыңыз бен махаббаттарыңыздың арқасында біз ең жоғары жетістіктерге қол жеткізетіндігімізге сенімдімін. Көздеріңіз қуаныш пен бақыттан жарқырап, жұмыстарыңыз бен өмірлеріңізде сәттілік, бейбітшілік, жақсылық, амандық-саулық үстем болсын! Аналарымыздың мерекесі құтты болсын!

Мереке ХАМЗИН, «АМАНАТ» партиясы
аудандық филиалы төрағасы.



ҚҰРМЕТТІ СОЛТҮСТІҚҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР! ҚЫМБАТТЫ ӘЙЕЛДЕР!

Сіздерді 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл шуақты мереке махаббат пен қамқорлықтың, нәзіктік пен даналықтың, шабыт пен жасампаз күштің символы саналады. Сіздер осындай көркем қасиеттеріңіз арқылы өмірімізді нұрландырып, қоғамның дамуына өлшеусіз үлес қосып келесіздер.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев әйелдерге жан-жақты жағдай жасау, олардың құқықтарын қорғау және отбасы институтын нығайту мемлекеттік саясаттың маңызды басымдықтарының бірі екенін жиі айтады. Сіздердің кәсібиліктеріңіз, жауапкершіліктеріңіз бен мақсатқа жету жолындағы жанқияр еңбектеріңіздің арқасында өңіріміздің экономикалық және әлеуметтік әлеуеті нығайып келеді.

Бүгінде еліміздің алдында мемлекеттілікті одан әрі жаңғырту және нығайту бойынша маңызды міндеттер тұр. 15 наурыз күні өтетін референдум мемлекетіміздің дамуы жолындағы маңызды кезеңге жол ашапқа.

Өңірде отбасы, ана мен балаға қолдау көрсету бағдарламаларын жүзеге асыру, әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту, білім беру және денсаулық сақтау жүйелерін жаңғырту жұмыстары жүйелі жалғасын табады. Әрбір қыз-келіншек мемлекеттік қамқорлығын сезіне отырып лайықты өмір сүруге мүмкіндік алуы үшін барлық жағдай жасалады.

Қымбатты әйелдер! Сіздерге зор денсаулық, бақыт, амандық және көтеріңкі көңіл күй тілеймін! Үйлеріңізге әрдайым береке мен бірлік орнап, сіздерді жақсы көретін жандар әркез жандарыңыздан табылсын. Мерекелеріңізбен!

Ғауез НҰРМҰХАМБЕТОВ,
Солтүстік Қазақстан облысының әкімі.

Әрқайсымыздың
дауысымыз маңызды!

15 НАУРЫЗ
МАРТА
РЕФЕРЕНДУМ

Важен голос
каждого из нас!

www.election.gov.kz

АТА – АНА ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК

Мәжіліс депутаттары мұғалім мәртебесін арттыратын заң жобасын талқылауға алды. Енді мұғалімдер балалардың өмірі мен қауіпсіздігіне тек оқу процесі кезінде жауап береді.

Мәжіліс депутаты Асхат Аймағамбетовтың айтуынша, заң жобасы мұғалімдердің құқығын қорғау мақсатында әзірленген.

«Бұдан былай мұғалімдер оқушылардың өмірі мен денсаулығына тек сабақ уақытында жауапты болады. Сабақтан тыс уақытта, кешкі мезгіл мен каникул кезінде бұл жауапкершілік ата-аналарға жүктеледі», – деді Аймағамбетов. Оның айтуынша, Президенттің тапсырмасына сәйкес педагогтарды кәсіби қызметіне қатысы жоқ жұмыстарға тартуға тыйым салынады.

«Мұғалімдерді артық жүктемеден босату үшін есеп беру құжаттарын қағаз және электронды форматта қатар жүргізуге тыйым салынып, тек бір форматта ғана жүргізу міндеттеледі. Сондай-ақ мұғалімдерді өз жұмыстарының нәтижесін әлеуметтік желіде жариялауға мәжбүрлеуге жол берілмейді», – деді депутат.

Осылайша, жаңа заң мұғалімдердің кәсіби қызметіне кедергі келтіретін міндеттерді азайтып, олардың құқықтық мәртебесін күшейтпек. Желіде ұстаздар қауымы аталған бастаманы қолдап жатыр. Педагогтар әлеуметтік желіден «босатылатыны» туралы бұған дейін егжей-тегжейлі жазғанбыз. «Педагог кәсіби қызметіне қатысы жоқ әрі еңбек шартында (қызметтік нұсқаулықта) көрсетілмеген міндетті мойнына артпауы тиіс. Әлеуметтік желідегі аккаунт жүргізу мен материал жариялаудан, сондай-ақ имидждік және өзге де қосымша тапсырманы орындаудан бас тартуға құқылы», – делінген заң жобасында.

Самат Келдібай, Ertenmedia.kz

* * *

2026 жылғы наурыз айында аудандық мәслихаттың төрағасымен, облыстық және аудандық мәслихаттың депутаттарымен азаматтарды ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

№ р/с	Қабылдауды жүргізген тұлғаның тегі, аты-жөні, лауазымы, жұмыс орны	Қабылдау күні мен орны
1	Ерлан Сапарбекұлы Алпысов, облыстық мәслихаттың депутаты, «Rebirth СК» ЖШС директоры	2 наурыз «AMANAT» партиясы аудандық филиалының қоғамдық қабылдауы, Тайынша қ.
2	Алмас Жолдасұлы Нұрахмет, аудандық мәслихаттың депутаты, «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы Тайынша аудандық филиалының директоры	3 наурыз «AMANAT» партиясы аудандық филиалының қоғамдық қабылдауы, Тайынша қ.
3	Хасенова Татьяна Владимировна, аудандық мәслихаттың депутаты, аудандық мәдениет үйінің әдіскері	4 наурыз Зеленогай с/о әкімдігі
4	Сәрсенбай Мұратұлы Бекшенов, аудандық мәслихаттың депутаты, Тайынша ауданы мәслихатының төрағасы	5 наурыз Большеизюм а/о әкімдігі
5	Мереке Жақсылықұлы Хамзин, аудандық мәслихаттың депутаты, «AMANAT» партиясы Тайынша аудандық филиалының төрағасы	5 наурыз Алабота а/о әкімдігі (Аққұдық а.)
6	Айгүл Бағдатқызы Әбдірахманова, аудандық мәслихаттың депутаты, «ЗИМ-Экспорт» ЖШС-нің директоры	10 наурыз «AMANAT» партиясы аудандық филиалының қоғамдық қабылдауы, Тайынша қ.
7	Юрий Васильевич Красногоровый, аудандық мәслихаттың депутаты, «Зелёные Луга» ЖШС-нің директоры	11 наурыз Рощинск а/о әкімдігі
8	Гүлдана Серікқызы Көпірбаева, аудандық мәслихаттың депутаты, Тайынша көп бейінді ауданаралық ауруханасының учаскелік терапевт дәрігері	13 наурыз Донецк а/о әкімдігі
9	Николай Викторович Брайченко, аудандық мәслихаттың депутаты, «Ашық Алан GCK» ЖШС директоры	16 наурыз Чкалов а/о әкімдігі
10	Шиназбек Жайлауұлы Балқыбек, аудандық мәслихаттың депутаты, «Элеватор Тайынша» ЖШС директоры	18 наурыз Келлер а/о әкімдігі
11	Ескендіров Еркін Мұхтарұлы, аудандық мәслихаттың депутаты, «Ашық Алан GCK» ЖШС директоры	19 наурыз Киров а/о әкімдігі
12	Николай Николаевич Трифонов, аудандық мәслихаттың депутаты, «ТайыншаКоммунСервис» ЖШС директоры	19 наурыз Летовочное а/о әкімдігі
13	Людмила Николаевна Журавлёва, аудандық мәслихаттың депутаты, «Тайынша әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» КММ-нің директоры	30 наурыз Теңдік а/о әкімдігі

Аудандық мәслихат депутаттарының қабылдау уақыты: 11.00.-ден 13.00.-ге дейін.

Мына телефондар арқылы қабылдауға алдын-ала жазылуға болады: аудандық мәслихат –23485, 23072.

«UAE SWAT CHALLENGE-2026» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАРЫСЫНАН ЖЕҢІСПЕН ОРАЛҒАН ЖЕРЛЕСІМІЗ

Арнайы бөлімшелер арасында Дубай қаласында өткен «UAE SWAT Challenge-2026» халықаралық жарысында Қазақстанның «Томирис» әйелдер құрамасы жоғары кәсібилік даярлықтарын көрсетіп, бірінші орынды иеленді. Әлемнің 40 елінен 109 команда қатысқан жарыста жерлесіміз, Ақмола облысы Полиция Департаменті Жылдам қимылдайтын арнайы жасақ аға инспекторы полиция подполковнигі Анар Қанатқызы Тукенова тамаша өнер көрсетті. Әке жолын қуып, әскери мамандықты таңдаған Анар Қанатқызының халықаралық мазмұны терең жарыстан жеңіспен оралған бір топ офицерлер мен әскери қызметкерлер қатарында болғанына қуаныштымыз! Жарайсың, Жерлесіміз!



Ақордада «UAE SWAT Challenge-2026» халықаралық жарысынан жүлделі оралған командаларды салтанатты марапаттау рәсімі өтті.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жеңімпаздарды шын жүректен құттықтап, қазақ жауынгерінің рухы қандай болатынын әлем жұртшылығына паш еткенін, Қазақстанның беделін биікке көтергенін атап өтті.

– Сұлу қыздарымыз өте жоғары деңгейде өнер көрсетті, шеберлікпен алға шығып, әйелдер арасында топ жарды. Қазақстанның намысын қорғаған бес құраманың бәрі де үздік 20 команданың тізіміне кірді. Бұл нағыз жасампаз отаншылдық деп күмәнсіз айтуға болады. Төрткүл дүние ұл-қыздарымыздың мықтылығына күә болды. Сондықтан тағы да атап өткім келеді, сіздер көрсеткен мықты тактикалық дайындық, айрықша күш-жігер мен тамаша топтық жұмыстың арқасында әлем жұртшылығы қазақтың батыл, қайсар және өр рухты ұлт екеніне көз жеткізді. Баршаңызға шынайы ризашылығымды білдіремін. Барлық бапкер мен жаттықтырушыға және әскери басшыларға, басқа да мамандарға алғыс айтамын, – деді Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев.

Мемлекет басшысының Жарлығымен «UAE SWAT Challenge-2026» халықаралық жарысынан жеңіспен оралған бір топ офицер мен әскери қызметкер Бауыржан Момышұлы атындағы II дәрежелі «Айбын» орденімен, «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалімен марапатталды. Біздің жерлесіміз Анар Қанатқызы өз ойын көпшілікке былайша білдірді,

– «Томирис» командасы болып халықаралық жарысқа қатысып келдік. Бұл мен үшін жай ғана жарыс емес, Қазақстаннан қатысқан Ақмола облысы полиция департаментінің қызметкері ретінде үлкен мүмкіндік пен жауапкершілік болды. Қазақстанның абыройын көтеру, әлемге таныту және кәсіби мамандар тарапынан жоғары баға алу — мен үшін үлкен мәртебе. Бұл менің осындай үлкен жарыстарға екінші қатысуым.

Бізді қолдаған Қазақ Еліне, әріптес, достарымызға, отбасында ақ батасын беріп, тілекшім болып жүретін, көңілімді көтеріп, жанымға демеу болып, ма-



ған үлкен сенім артып отыратын, батылдыққа баули білетін, әкемнің жан анасы, менің ардақты Айшара әжеме алғысым шексіз. Еліміз аман, бейбіт заман болсын, қазақтың рухы берік те биік болсын!».

Түйін:Біздің де айтарымыз: «Елім» деген ер азаматтарымызбен қатар, ерлік істерімен еліміздің атын шығарып жүрген қазақтың қайсар қыздары аман болсын!



Гүл ЖАМАШҚЫЗЫ, Тайынша таңы

8 Наурыз - МЕЙІРІМ МЕН СҰЛУЛЫҚ МЕРЕКЕСІ

Тоқсанның төріндегі тағылым: АБЫЗ АНАНЫҢ МЕРЕЙЛІ БЕЛЕСІ

«Анасы бар адамдар ешқашан қартаймайды», - дейді дана халқымыз. Расында, ана – әулеттің шырағы, ұрпақтың тұғыры, берекенің бастауы. Биыл Чкалов ауылының қадірлі тұрғыны, «Алтын алқа» иегері, тыл ардагері Шолпан Сейітқызы Салықова тоқсан жасқа толып отыр.

Бұл мерейтой – тек бір әулеттің емес, тұтас бір дәуірдің, тағылымға толы ғұмырдың белесі. Күні кеше Шолпан әжейдің құрметіне үлкен ақ дастарқан жайылып, дүбірлі той өтті. Тоқсанның төріне шыққан кейіпкерімізбен осы мерейтойдан кейінгі әсері мен өмір жолы туралы сырласқан едік:

Еңбекпен өрілген тағдыр және балалық шақ сағынышы

– Шолпан апай, тоқсан жастың биігінен қарағанда, балалық шақ пен еңбек жылдарыңыз қалай еске түседі?

– Шүкір, қарағым. 1936 жылы Октябрь-2 (қазіргі Амандық ауылы) кеңшарында дүниеге келгенімде ел басына күн туған қиын шақ еді. Десе де, әкемнің қамқорлығы көз алдымда. Әкем колхозда саудамен айналысатын, ауқатты, пысық адам еді. Үйде бие, түйе, сиыр ұстадық. Әкем ауырып жатқанда, кішкентай болсам да, анамның қасынан қалмай бие саууға бірге баратынмын. Әкем мені ерекше еркелетіп, ылғи да әдемі көйлектер әперуші еді. Сол кездегі барқыт қызыл көйлегім әлі күнге есімде, бәлкім, содан болар, қызыл түсті әлі де жақсы көремін.

Тағдырдың жазуымен, әкемнен ерте айырылдым, үлкен ағам Балташ майданға аттанған соң, шаңырақта екінші ағам Байтас, анам және мен – үшеуіміз қалдық. Оқуға зерек болдым. 4 сыныпты жақсы бітіріп, Алабота ауылында әкемнің інісінің үйінде тұрып, 7 сыныпты тәмамдадым. Пысықтығымның арқасында 1954 жылы орта мектепті бітіріп, осы Чкалов ауылына жұмысқа орналастым.

Офицердің жары, әулеттің тірегі

– Ғалым Оразбайұлымен 58 жыл отауласып, үлкен бір әулеттің діңгегі болдыңыздар. Отбасылық өмір қалай басталды?

– Екі жыл жұмыс істеген соң, 1956 жылы тұрмысқа шықтым. Отағасы ішкі істер органдарында қызмет еткендіктен, жұмыс бабымен бірнеше елді мекенді ауыстырдық. Бірақ зейнетке шығарда қайтадан шаңырақ көтерген еліміз – Чкаловқа қайта көшіп келдік.

1980 жылы көшіп келген осы қара шаңыраққа биыл 44 жыл, жарты ғасырға жуық уақыт болыпты. Өкінішке орай, 2014 жылы балаларымның әкесі өмірден озды. Содан бері осы шаңырақтың отын өшірмей, ұрпағыма пана болып отырмын. Бес ұл, екі қыз тәрбиеледік. Ұлдарымның бәрінің үйлену тойын кезінде ауылдың дүрілдеп тұрған «Жазира» кафесінде өткізгенбіз. Бүгінде балаларым бар жағдайымды жасап, алақанына салып отыр.

Мерейтойлық мереке және перзенттік құрмет

– Кеше Щучинск қаласында өткен мерейтойыңызда да балаларыңыз ерекше сый-



құрмет көрсетіпті...

– Иә, балаларым мен немере-шөберелерім, ағайын-туған бәрі жиналып, басымды төрге шығарды. Ең тебіrentкен сәт – балаларымның маған 99 дана қызыл ала раушан гүлін сыйлағаны болды. «Анашым, тоқсанның асуынан астыңыз, енді 99 жасқа жетіңіз, сонда тағы жүздесеміз» деген ақ тілектерін естіп, көзіме жас алдым. Балалық шағымдағы әкем әперген қызыл көйлектің жылуын бүгін балаларымның осы қызыл гүлдерінен сезінгендей болдым.

Елдің ықыласы мен ақ тілек

– Ауылдастарыңыз бен әкімдік өкілдері де сізді ұмыт қалдырмаған көрінеді?

– Оған да мың да бір рақмет! Ауыл әкімдігінен де арнайы хабарласып, жылы лебіздерін білдіріп жатыр. Мені «сабырдың мектебі» деп құрметтейтін ауылдастарыма әрқашан ақ батамды беремін. Тілегім біреу-ақ: ел тыныш болсын, ұрпағымыз біз көрген қиындықты көрмесін.

Тілші түйіні:

Шолпан Сейітқызы секілді аналар – елдің тірегі, ұлттың ұяты. 1980 жылдан бері түтіні түзу ұшқан қара шаңырақтың берекесін сақтап, жолдасының аманатына адал болып отырған ақ жаулықты асыл ана, мерейтойыңыз құтты болсын! Ұрпағыңыздың ортасында жүзге жетіп, 99 раушан гүлін тағы да қабылдауға тілектеспін!

БЕРЕКЕЛІ ЕҢБЕКТІҢ ИЕСІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өткен жылды «Жұмысшы мамандықтарының жылы» деп жариялап, еңбек адамының қоғамдағы орнын айрықша атап өткен еді. «Адал азамат – Адал еңбек – Адал табыс» қағидаты – кез келген маман иесінің өмірлік ұстанымына айналуға тиіс құндылық. Расында, адал еңбек етіп, өз ісіне жауапкершілікпен қарайтын жандар – ел дамуының тірегі.



Адам бойындағы асыл қасиеттердің бірі – еңбексүйгіштік десек, осы қасиетті өмірінің мәніне айналдырған жанның бірі – Жансұлу Сәдуақызы Тойлыбаева. Қай кезде де ойын ашық айтып, айналасына шапағатын тигізіп жүретін, кейінгі буынға ақыл-кеңесін аямайтын ол бүгінде Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Чкалов ауылындағы «Айгөлек» бөбекжай-бақшасында кір жуу машиналарының операторы болып еңбек етеді.

Жансұлу апай 1970 жылдың 5 қыркүйегінде Өзбекстан Республикасының Учкудук қаласында дүниеге келген. 1987 жылы орта мектепті аяқтап, еңбек жолын балабақшада тәрбиеші көмекшісі ретінде бастайды. 1990-1991 жылдары лицейде тігінші мамандығын меңгеріп, қолөнерге деген икемін шыңдай түседі. 1991 жылы Жайлыхан ағамен отбасын құрып, ұл мен қыз тәрбиелеп өсіреді.

2002 жылдың 7 маусымында отбасымен бірге тарихи Отанына қоныс аударып, Солтүстік Қазақстан облысының Тайынша ауданындағы Чкалов ауылына тұрақтайды. Бұл – үлкен жауапкершілік пен батылдықты талап еткен кезең еді. Отағасы елордаға табыс табуға кетіп, Жансұлу апай екі кішкентай баламен жаңа ортаға бейімделіп, өмірдің жаңа белесін бастайды. Табандылығы мен төзімінің арқасында ол барлық қиындықты еңсеріп, шаңырағын шаттыққа бөлей білді.

2008 жылы «Айгөлек» балабақшасына аула сыпырушы болып жұмысқа орналасқан Жансұлу Сәдуақызы уақыт өте келе кір жуушы қызметіне ауысады. Содан бері ол өз ісіне адалдық танытып, балабақшаның тазалығы мен тәртібіне жауапты маман ретінде абыройлы еңбек етіп келеді. Оның жұмысы көзге көріне бермегенімен, бүлдіршіндердің жайлы әрі таза ортада тәрбиеленуіне қосқан үлесі зор. Сонымен қатар, Жансұлу апай мерекелік іс-шаралар кезінде балалардың сахналық киімдерін дайындауға көмектесіп, тігіншілік шеберлігін де пайдаға асырып жүр. Әрбір іске жанашырлықпен қарап, ұжым арасында сый-құрметке бөленген жанның еңбегі – көпке үлгі.

Жансұлу апайдың отбасы – имандылық пен берекені ту еткен өнегелі шаңырақ. Отағасы мен ұл-қыздары намаз оқып, дінге берік. Тіпті кішкентай немересі атасы мен әкесінің артынан қатарға тұрып, олардың қимылдарын қайталап, сәждеге бірге жығылады. Бұл – ұрпақ тәрбиесіндегі рухани сабақтастықтың айқын көрінісі. Бүгінде Жансұлу апай екі немеренің – Мұхаммад пен Ахматдың аяулы әжесі. Немерелерінің шат күлкісі мен тәрбиелі өсіп келе жатқанын көру, әрине ақылшы әжелер үшін зор бақыт деп білемін.

Саналы ғұмырын адал еңбекке арнап, маңдай терімен абырой тапқан Жансұлу Сәдуақызы – қарапайым еңбек адамының шынайы бейнесі.

8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні қарсаңында осындай қажырлы, еңбекқор, жүрегі мейірімге толы, иманды аналарды ардақтау – парыз. Жансұлу апай сынды жандар қоғамның берекесін кіргізіп, ұрпаққа үлгі болып келеді. Адал еңбегімен абырой биігінен көрініп жүрген асыл жандар аман болсын!



ӘЖЕ МЕЙІРІМІНЕ НЕ ЖЕТСІН!



Өмір дегеніңіз асу – асу бел екен. Уақыттың қалай жылжып өтіп жатқанын байқамай да қаласыз. Сол өмір белесінде өмірден білгені мен түйгені мол ардақты аналарымыз - отбасының құт – берекесі, ақылшысы десек, ол – шындық! Осынау терең мағыналы сөз ізгілік ұялаған, қадірі қастерленетін қасиеттері бір басына жетерлік, сабырлы қалпынан танбайтын, сондай қарапайым мінезімен үлкенді де, кішіні де өзіне бағалата білген Зайтуна апай сияқты мейірімді жандарға арналып айтылса керек.

Біздің бүгінгі кейіпкеріміз – Зайтуна Жұмабаева. Ардақты әжеміз 1946 жылы дүниеге келген. Өмірде өжет, қайсар мінезді, ізгілік сезімге бай әжесінің тәрбиесімен өмірдің әртүрлі соқпағына қарсы тұрып, ерте есейіп ер жетіп, еңбекке де ерте араласады. Өмір жылжып өтіп жатты, үкідей үлбіреген қыз кезінде қол ұстасып, көңіл жарастырған адамы Мейрам Қапезұлы да осал адам емес еді. Ел танып, жұрт білген жан болды. Ауыл шаруашылығының әр са-

ласында еңбек атқарып, отбасының жағдайын жасай білді. Бірлік ауылының кезінде жас отау иелері ерінбей екеуі де еңбек етіп, дүниеге әкелген ұрпақтарын өсіріп саналы тәрбие бере білді. Бір өкініштісі, Мейрам ағамыз балаларының жүрегінде сол бір жас шағымен ғана есте қалды... Өйткені ол, өмірден аққан жұлдыздай жылт етіп, ерте сөнді. Иә, өмір ағынында адам баласы өз отбасында өсіп өнеді, өмірін жалғастырады. Олай болса, Зайтуна әжеміз бүгінгі таңда немере – шөберелерінің ортасында бақытты күндерін өткізуде.

Балаларының әрқайсысы өз алдына бір-бір отау құрып, бақытты өмір сүруде. Бәрі бүгінгі таңда өз алдына отау тігіп, өз балаларын өсіріп жатыр. Әжеміз де қол құсырып, жай отырған жоқ. Немере – шөберелерінің ортасында үлкендеріне көз болып, кішкентайларын бағып-қағуға қолғабыс етуде.

Қара шаңырақтың иесі Сүйіндік пен келіні Эльмира әжеміздің қас қабағына қарап жағдайын жасап отыр. ең жақыны, көмекшісі ұлы мен келіні. Қыздары Қарлығаш, Клара, Сандуғаш, Құралай болса, өздері бір – бір әулеттің келіндері, отанасы, жақсы адамдардың жанынан табылатын ерекше жандар десек артық емес. Олардан немере - шөбере сүйген жылы жүзді әжеміз өзін «бақытты жанмын» дейді қуанышын жасыра алмай. Әженің аялы алақанында, ақылы мен ақ батасын естіп өскен балалары үшін ана - қайталанбас тұлға. Бұл отбасы көпке үлгі болатын жандар – балаларының сабырлы мінезі, іскерлігі мен өзі түгіл өзгеге де қол ұшын берер қайырымдылықтары, әрине, ұяда не көріп, ұшқанда ілгені, әке арманының орындалып, ананың ақ сүтінің ақталғаны. Біздің кейіпкеріміздің өмір белестерінен түйгеніміз: Сарқырап аққан өзен жағалауында көк шалғын, мәуелі бау-бақша қалады. Ал, адам өмірінде оның ұрпақтары, елі үшін атқарған еңбектері қалып жатса, бәрінен де сол бақыт деген пікір осы болар. Аяулы ана, ақылшы әже! Балаларыңыз бақытты, ал өзіңіздің немерелерді қызықтайтын ғұмыр жасыңыз ұзақ болсын!

8 Наурыз – қыздарымыз бен аяулы аналардың, асыл жар, ақылшы әжелеріміздің мерекесі құтты болсын!



Гүл ЖАМАШҚЫЗЫ, «Тайынша таңы»

ҚЫЗ ТӘРБИЕСІ - ҰЛТ ТӘРБИЕСІ



Қазақ халқы қыз – болашақ ана, шаңырақтың берекесі деп, оның тәрбиесіне баса мән берген. Алайда көпшіліктің қазіргі қыздар тәрбиесіне көңілдері тола ма? Қыз баланы қазақта кішкентайынан мәпелеп, аялап, қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай өсірген. Жалғандағы нәзіктік пен пәктікті, инабаттылықты әрбір қазақ қызының бойына сіңіріп өсірген. Бауыржан Момышұлының келіні Зейнеп апамыз өзінің «Балалар аманаты» атты кітабында: «Қазақ қазақ болғалы қыз сыйлаған, қызын алқалаған текті халық еді. Сандығында кілті жоқ жомарт қазақ сол жомарттығын алдымен қызына жасаған. «Ұл – түтін, қыз – күтім» деп қызға жақсыны кигізіп, дәмдіні жегізіп, жорғаны мінгізген. Үйдің оң жақ төріне отырғызған. Тұрмысқа шықпаған қызды «оң жақтағы қыз» дейтіні сондықтан. «Ұрыс-керіс естіген қыздың мінезінің мәні болмайды» деп, қыз көзінше өрескел, бейпіл сөз сөйлемеген, анайы қылық көрсетпеген. «Бақыты байланады, жолы кесіледі» деп қызға қол көтермеген. Тіпті, отырған қыздың аяғынан аттамаған. Мұны кесір деп түсіндірген. Өйткені еркектің де, әйелдің де тарайтын түбі – қыз. Оң жақта отырғанда жүз жігіттің арманы болса да, қызға бір азаматтың адал жан жары болу – парыз», – деп жазады.

Міне, кешегі қазақ қыздары ата-анадан осылай тәрбие алып, өз отбасының ұйытқысы бола білді. Қызым үйде – қылығы түзде» демекші, қыз баланың жүріс-тұрысы мен киім киісі тәрбиенің негізі болып саналады. Жасыратыны жоқ кейбір ата-ананың баласымен араласуға да уақыты жоқ. Осыдан барып бала әке – шешесінен суып, оларға деген сыйластықтан алыстай бастайды. Бала кезінен жылылық мейірімді көрмеген адам баласы жүрегін бойлаған суық ызғардың өшін өзгелерден алатын қатыгездікпен өседі. Бүгінгі күнде қыздарымыздың көзге оғаш көрінетін киімдерін айтар болсақ, бұрын-соңды болмаған, құлақ естіп, көз көрмеген. Ата-ана баламыз қатар құрбысынан қалмасын деген оймен заман талабына сай жаңа үлгімен киіндіріп, қалталылар көлік мінгізеді. Сондада әр нәрсенің өз орны бар емеспе... «Қыз тәрбиелегенің – ұлтты тәрбиелегенің». Мұны Біз емес айтқан, бізге дейінгілер солай айтқан. Рас, бүгінгі бойжеткен – ертеңгі ана. Ұрпақ жалғастығын бәрінен жоғары қою әлемнің өзге елдерінде сақта-ла бермейтін дәстүр. Жасыратыны жоқ, қазірде қызды тәрбиелеуде ұлттық тәрбие негізінен алшақтап барамыз.

Қыз баланы қалай тәрбиелеп жүрміз осы? Ертеңгі ұрпақты тәрбиелейтін – қыз. «Қызың өссе, қызы жақсымен ауылдас бол», «Келіні жақсы үйдің керегесі алтын» деп көңілі мен жүрегі таза, әдемілікке, нәзіктікке құмар, өзінің емес, өзгенің өресін көтермелейтін қыз бала келешекте іргелі үйдің шаңырағын жоғары көтереді емес пе?! Ақыл да анадан дариды, дана да әйелден туады. Қыз бала тәрбиесін ұрпақ тәрбиесі деп қарау қажет. Бүгінгі қазақ бойжеткендері ертеңгі еріне адал жар, болашақ ұрпақтың анасы екенін ұмытпайық! Ал, сіздің ойыңыз қалай?! Ой – пікірлеріңізді күтеміз.

Жанаргүл МҰРАТҚЫЗЫ, тілші.



РЕФЕРЕНДУМ – ҰРПАҚ КЕЛЕШЕГІ ҮШІН МАҢЫЗДЫ ҚАДАМ

15 наурызда өтетін республикалық референдум – еліміз үшін маңызды тарихи оқиға. Бұл шараның нәтижесі біздің болашағымызды қалыптастыруда маңызды рөл атқаратыны сөзсіз. Әсіресе, балабақша педагогі ретінде мен үшін еліміздің білім беру жүйесіндегі өзгерістер, балалардың болашағы, олардың дамуына әсер ететін шешімдер ерекше маңызға ие.

Біріншіден, референдумдағы ұсынылған өзгерістер қоғамның әр саласына, соның ішінде білім беру жүйесіне де тікелей әсер етеді. Білім саласы әрқашан еліміздің келешегіне, әсіресе балдырған ұрпақтың тәрбиесі мен дамуына бағытталған негізгі құрылым болып табылады. Мен, педагог ретінде, әрқашан қоғамдағы өзекті мәселелерге назар аударып, бала тәрбиесі мен білім беру жүйесіне қатысты өзгерістерді қолдаймын.

Екіншіден, балабақша тәрбиешісі ретінде мен әрбір өзгерістің балаларға әсері туралы терең ойлаймын. Референдумда ұсынылған жаңа заңнамалар мен реформалар балалардың білім алу мүмкіндіктерін кеңейтіп, тәрбие мен оқыту сапасын арттыруға бағытталса, оларды қолдауға дайынмын. Мәселен, білім беру жүйесінде баланың құқығын қорғау, тәрбие процесінде инклюзивті тәсілдерді енгізу, шығармашылық дамуға мүмкіндік беретін әдістердің кеңінен қолданылуы мен үшін маңызды.

Үшіншіден, қоғамда педагогикалық еңбекке деген көзқарастың өзгеруі қажет. Балабақша қызметкері ретінде мен де өз жұмысымның құнды екенін сезінуім керек. Әрбір бала мен тәрбиешінің арасындағы қарым-қатынас, балалардың эмоциялық және интеллектуалды дамуына әсер ететін ерекше процесс. Сондықтан референдумдағы білім беру жүйесіне қатысты ұсыныстар мен жаңашылдықтар педагогтардың кәсіби мәртебесін көтеруге, балабақшалардағы жұмыс жағдайларын жақсартуға бағытталған болса, оларды қолдау – бұл біздің балаларымыздың болашағына жасалған үлкен қадам.

Референдумға қатысу арқылы біз еліміздің болашағына ықпал ету мүмкіндігіне ие боламыз. Мен еліміздің дамуына, білім беру жүйесінің жетілуіне, әрбір бала-

* * *

* * *


ЕҢБЕКПЕН ӨРІЛГЕН ӨМІР БЕЛЕСТЕРІ

Бухгалтер — экономика және қаржы саласындағы ең сұранысқа ие мамандық. Кез келген, тіпті шағын компанияда бухгалтер қызметі бар. Ол қызметкерлердің жалақысын, салықтық төлемдерді, тауар бағасын анықтап, тапсырыс берушілер мен орындаушылар арасындағы есепті жүргізеді.

Еңбек ұжымында бірнеше мамандарға дейін ұстай алатын компанияларда әр бухгалтер тек белгілі бір мамандық бойынша жұмыс істейді. Бірі — касса мен жалақы төлеміне, екіншісі валюта операцияларына, үшіншісі басқа қызмет түрлеріне жауап береді. Ал, олардың барлығының жұмысын бас бухгалтер қадағалап отырады. Бухгалтер әдетте, салық және қаржы заңнамасының, бухгалтерлік есеп пен салық саясатының барлық қыр-сырын білетін, компаниядағы беделге ие мамандардың бірі.

Міне, осындай беделді мамандардың бірі, өз ісін жетік меңгерген тәжірибелі маман - Жетібаева Гаухар Науанқызы. Жалпы еңбек өтілі 40 жылдан асады. Ал, 2019 жылдан бері «Элеватор - Тайынша» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде есепші қызметін атқарады.

Тәжірибелі маман бухгалтерлік есеп жүргізу, құжаттарды қабылдап, өңдеп, бақылауына алу, Салық және басқару есебін жүргізу, сондай-ақ ол компания қызметінің бағытына байланысты банктер және кредиттік ұйымдармен жұмыс жүргізеді. Бухгалтерге қойылатын талаптар: Жоғары профильді білімі болу ке-



ның толыққанды дамуына әсер ететін өзгерістердің қолдау табуын қалаймын. Бұл – біздің қоғамның әр мүшесінің болашағы үшін өте маңызды кезең.

Сондықтан, 15 наурызда өтетін референдумға белсенді қатысып, өз пікірімізді білдіру – біздің азаматтық борышымыз. Әрбір азамат, педагог, ата-ана өз даусын беріп, еліміздің болашағы үшін дұрыс таңдау жасауы тиіс.

Жанаргүл ҚОЖАБЕКОВА,
«Айгөлек» бөбекжай-бақшасының педагогі.
Чкалов ауылы



рек десек, әрине, Гаухар Науанқызының білімі жоғары, еңбек тәжірибесі де мол. Біздің кейіпкеріміз отбасында екі баланың аяулы анасы. Ұлын ұяға, қызын қияға қондырып, немере сүйіп отырған ақылшы әже.

8 Наурыз мерекесі қарсаңында кейіпкерімізге айтарымыз: Көктемнің жылуымен келетін мереке - аналарымыз бен әжелеріміздің, қыздарымыз бен келіндердің мерекесі құтты болсын! Немере мен шөберенің қызығын көретіндей ұзақ ғұмырыңыз болсын.

МЕДБИКЕ – МӘРТЕБЕЛІ МАМАНДЫҚ



Денсаулық – адамның ең басты байлығы. Қашанда дертімізге шипа болатын ақ халаттылардың еңбегі зор. Өлім мен өмір таразыға түскенде алғаш қол ұшын созатын мамандық иелері қай кезде де құрметке лайық. Еңбектеген баладан, еңкейген қарияға дейін олардың адалдығына басын иеді. Сондықтан да оларды «Ізгіліктің нұрын сепкендер» деп орынды атап жатады. Бұл сөз қашаннан дәрігерлер мен мейірбикелер қауымына айтылып келеді.

Мейірбике ісі – ең жауапты, қиын да қарапайым, әрі адалдықты қажет ететін маман иесі. Олар сырқатына ем, дертіне дауа іздеген талай жандардың көңіліне демеу бола білген, күндіз-түні адам жанының арашасы болып жүрген ізгілікті маман иелері. Бірде-бір аурухана мен емхана медбикесіз жұмысын өрбіте алмайды. Адам жанына араша түсіп, денсаулық түзеу ісінде дәрігерлерден кем орын алмайтын аса жауапты мамандық иелері – медбикелер.

Науқас жанына инесімен де, ақ көңілімен де шипа сыйлайтын жандар 12 мамыр күні кәсіби мерекесін атап өтеді. Бұл күні ақ халатты абзал жанды медбикелерге құрмет көрсетіліп, олардың еселі еңбектеріне алғыс білдіріп жатады.

Сондай тәжірибелі медбикелердің бірі, ақ халатты абзал жан Апия Тоқанқызы Раева. Еңбек өтілі 48 жылды құрайтын біздің бүгінгі кейіпкеріміз осы медбике қызметінде еңбек атқаруда. 2 баланың анасы, 6 немеренің ақылшы әжесі. Бүгінгі таңда аудандық ауруханада онколог дәрігермен бірлесе отырып, емделуге келген науқастарға ақыл-кеңес, көмек береді. Қиындығы мен қуанышы қатар жүреді деп айтуға болады. Күн-түн деп жатпай, уақытпен санаспай бұл саланың қызметкерлері аурулардың аяғына тұрып кетуіне бар күшін салады. Осы ақ халатты жан Апия Тоқанқызы жас мамандарға өз еңбек тәжірибелерімен бөлісіп, ақыл – кеңес беруді өзінің міндеті санайды. Практика кезінде жас болашақ мамандарға өз білгенін үнемі айтып, түсіндіріп отырады. Кейде жұмыстан басқаға уақыт таппай қалатын кездері де болады. Бірақ мамандыққа деген адалдық бірінші орында. Себебі, біз таңдаған жұмыстың ар жағында қаншама халықтың тағдыры, денсаулығы, өмірі тұр. Оған олар бейжай қарай алмайды. Денсаулығы сыр беріп, оған шипа іздеген науқастың сауығып кетуіне әуелі дәрігер жауапты болса, одан кем қарамайтын денсаулық сақшысы – медбике. Төзімділік пен шыдамдылық, біліктілік абыройға жеткізеді. Атаулы мамандық иесінен үлкен жауапкершілік талап етіледі. Ем іздеген адамға инесімен шипа еккен жандарды адам жанының арашашысы деп айта аламыз. Мейірбике – мерейлі мамандық. Ақ халатты абзал жандардың еңбегі қандай марапатқа болса да лайық.

Ақ халатты абзал жандарға жолданған әрбір жылы сөз – олар үшін үлкен күш, сенім және жауапкершілік. Себебі дәрігер мамандығы – тек кәсіп емес, бұл – адам өміріне араша болу, үміт сыйлау, жанға демеу болу.

Пациенттердің шынайы алғысы – ең үлкен марапат. Әрбір «рақмет» – сауығуға жасалған ортақ қадам. Әрбір жылы тілек – жүрекке жеткен құрмет. Бүгін көктеммен бірге мейірім мен ризашылық та жаңара түссін. Жақсылық жасаудан, алғыс айтудан шаршамайық. Ақ халатты абзал жандарға – шексіз алғыс! Сіздердің еңбектеріңіз әрдайым құрметке лайық! 8 Наурыз мерекесі құтты болсын!

• Заң мен тәртіп

АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫНЫҢ САҚТАЛУЫ

Қазақстанда сот шешімімен бас бостандығынан айыру тек еркін жүріп-тұру құқығын шектейді. Конституциямен және мемлекеттің халықаралық міндеттемелерімен кепілдендірілген өзге барлық құқықтар бас бостандығынан айыру орындарында отырған адамдар үшін сақталады. Бұл жазасын өтеу жағдайында да адам өзінің ар-намысы мен қадір-қасиетінің құрметтелуіне, денсаулығын сақтауға, медициналық көмек алуға, заңды рәсімдердің сақталуына, қатыгез қарым-қатынастан қорғалуға және басқа да негізгі құқықтарға ие болып қала береді дегенді білдіреді.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес түзеу мекемелерінде немесе тергеу изоляторларында ұсталатын адамдар өздерінің негізгі адам құқықтарын сақтайды.

Азаптауға, қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын қарым-қатынас пен жазаға тыйым салынады. Ұстау жағдайлары санитариялық және гигиеналық талаптарға сәйкес болуы тиіс.

Бас бостандығынан айыру орындарындағы адамдар кемсітусіз медициналық көмек алуға құқылы. Медициналық көмек уақтылы және толық көлемде көрсетілуі тиіс. Олар туыстарымен байланыс жасауға және заң көмегін алуға, білім алуға және діни сенімін еркін ұстануға құқылы.

Сотталғандар мемлекеттік органдарға, сотқа, прокуратураға және Адам құқықтары жөніндегі уәкілге шағым жасауға құқылы. Бұл - теріс пайдаланушылықтан қорғаудың маңызды кепілдігі.

Құқықтарды шектеу тек заңда тікелей көзделген және жазаны орындау мақсатына негізделген жағдайда, адамгершілік пен адамның қадір-қасиетін құрметтеу қағидаттарын сақтай отырып ғана жол беріледі.

Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымының Азаптауға

* * *

ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІПТІ САҚТАУҒА ШАҚЫРАМЫЗ

2025 жылғы мамыр айында Тайынша ауданының Аққұдық ауылында азамат «Д» алкогольдік масаң күйде қызметтік міндетін атқарып жүрген учаскелік полиция инспекторына қарсылық көрсеткен.

Аталған факті бойынша Тайынша ауданының Полиция бөлімі билік өкіліне қатысты күш қолдану дерегі бойынша ҚР ҚК-нің 380-бабы 3-бөлігімен қылмыстық іс тіркеді.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс шеңберінде полиция қызметкері азамат «Д»-ны медициналық куәландырудан өткізу үшін медициналық мекемеге жеткізу мақсатында оның тұрғылықты мекенжайына барғаны анықталды.

Алайда азамат «Д» полиция қызметкерінің заңды талаптарына бағынбай, оның погондарын жұлып алып, дене күшін қолданған. Құқыққа қар-

* * *

МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

2025 жылы Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті 58 аудиторлық тексеру жүргізді, оның нәтижелері бойынша жалпы сомасы 192,8 млрд теңгеге бұзушылықтар анықталды, оның ішінде қаржылық бұзушылықтар 7,8 млрд теңгені құрады.

Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және жолаушылар көлігі салаларында ең көп қаржылық бұзушылықтарға жол берілді. Көбінесе орындалмаған жұмыстарға ақы төлеу, сондай-ақ техникалық талаптарға сәйкес келмейтін тауарларды сатып алу фактілері анықталды.

Қажетті шаралар қабылданғаннан кейін 7,8 млрд. теңге сомасындағы барлық қаржылық бұзушылықтар ақшамен төлеу, жұмыстарды орындау және қызметтер көрсету жолымен жойылды. Аудит объектілерінің 64 лауазымды тұлғасы тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

Заңнамаға сәйкес Департаментпен 658 әкімшілік іс қозғалды және бюджетке төленген жалпы сомасы 65,6 млн.теңгеге айыппұл салынды.

Бұдан басқа, Департамент білім, денсаулық сақтау, мәдениет, туризм және спорт саласындағы жалақы бойынша төлемдердің мониторингін жүзеге асырады. Мониторинг барысында жеке тұлғалардың банктік шоттарына жалақы, демалыс,

және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы конвенциясының, сондай-ақ оның Факультативтік хаттамасының қатысушысы болып табылады.Елімізде азаптаудың және қатыгез қарым-қатынастың алдын алу мақсатында Ұлттық алдын алу тетігі (ҰАТ) жұмыс істейді. ҰАТ шеңберінде тәуелсіз сарапшылар, құқық қорғаушылар және азаматтық қоғам өкілдері бас бостандығынан айыру орындары мен өзге де жабық мекемелерге тұрақты және тосын сапарлар жасайды, ұсталатын адамдармен жеке кездеседі, ұстау жағдайларын тіркейді және шағымдарды тікелей қабылдайды.

ҰАТ қатысушылары профилактикалық сапарлар жүргізіп, ұстау жағдайларын тексереді, сотталғандардың өтініштерін қабылдайды және анықталған бұзушылықтарды жою үшін құзыретті органдарға ұсынымдар жолдайды.Уәкіл бас бостандығынан айыру орындарындағы адамдардың құқықтарын қорғауда маңызды рөл атқаратын бірқатар негізгі өкілеттіктерге ие. Ол тек орын алған бұзушылықтарға әрекет етіп қана қоймай, сонымен қатар алдын алу бағытында жұмыс жүргізеді: мекемелерге тұрақты бару, ұстау жағдайларын тексеру, мекеме әкімшіліктерімен және басқа да мемлекеттік құрылымдармен өзара іс-қимыл жасау адам құқықтарының бұзылуының алдын алуға бағытталған.

Бас бостандығынан айыру орындарында адам құқықтарының сақталуы - құқықтық мемлекеттің кемелдігінің маңызды көрсеткіші. Әрбір адамның қадір-қасиетін қорғау қандай жағдай болмасын басымдық болып қала береді.

Жанат ЖҰМАБАЕВ

Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің
Солтүстік Қазақстан облысы бойынша өкілі

* * *

сы әрекеттердің салдарынан полиция қызметкеріне оң қолының сынуы түрінде дене жарақаты келтірілген.Сотқа дейінгі тергеп-тексеру нәтижелері бойынша қылмыстық іс аудандық сотқа жолданды.

2026 жылғы 19 қаңтарда Тайынша аудандық сотының үкімімен азамат «Д» ҚР ҚК-нің 380-бабы 3-бөлігі бойынша 2 жыл 6 ай мерзімге бас бостандығын шектеуге сотталды (үкім заңды күшіне енді).

Тайынша ауданының прокуратурасы азаматтарды қоғамдық тәртіпті сақтауға және билік өкіліне қатысты қорқыту немесе күш қолдану үшін қылмыстық жауаптылық көзделгенін есте сақтауға шақырады.

ТАЙЫНША АУДАНЫ ПРОКУРАТУРАСЫНЫҢ
БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

* * *

сауықтыру жәрдемақылары және жалпы сомасы 23 млн теңгеге сыйлықақылар түріндегі бюджет қаражатының артық аударымдары анықталды, олар бюджетке толық көлемде қайтарылды.


Есепті кезеңде бюджет қаражатын ұрлау фактілері де анықталды. Мәселен, Мағжан Жұмабаев ауданының Жастар ресурстық орталығының бухгалтері 19 млн теңге бюджет қаражатын берді. Департамент аудит материалдарын құқық қорғау органдарына берді. Сот шешімімен бухгалтер кінәлі деп танылып, залал сомасын өтей отырып, жеті жылға бас бостандығынан айыру жазасын тағайындады. Залалдың бір бөлігі бюджетке өтелді.

Департамент бұзушылықтардың едәуір бөлігін мемлекеттік ақпараттық жүйелердің деректерін талдау негізінде объектілерге бармай-ақ анықтайды, бұл тексерілетіндермен байланысты азайтуға және аудиторлық шешімдер мен тұжырымдардың объективтілігін арттыруға мүмкіндік берді. Осылайша, ішкі мемлекеттік аудит дәлірек, технологиялық және қоғамдық мүдделерді қорғауға және бюджет қаражатын мақсатты пайдалануға бағытталған.

СҚО бойынша Ішкі мемлекеттік
аудит департаментінің Баспасөз қызметі

• Адам.Қоғам.Заң

АЛАЯҚТАРДАН САҚТАНЫҢЫЗ!



Бүгінде интернеттегі алаяқтық қоғамда өте қауіпті құбылысқа айналды. Цифрлық технологиялардың дамуымен қатар алаяқтар да қалыспай, алдаудың жаңа тәсілдерін ойлап табуда. Олардың құрбаны біліміне, жұмыс саласына, мәртебесіне қарамастан кез келген адам болуы мүмкін. Алайда көп жағдайда қаржы алаяқтарының айла-шарғысына заманауи цифрлар әлемінен бейхабар аға буын өкілдері түсіп жатады. Осыған орай жергілікті тәртіп сақшылары егде жастағы адамдарға алаяқтарға алданбау керектігін ескертті.

Интернет-алаяқтықтың түрлері де күн өткен сайын көбейіп барады. Яғни, бұл жерде қылмыскер компьютер, смартфон, планшет секілді заманауи құралдардың көмегімен интернет арқылы адамдарды алдап, олардан ақша бопсалау, мүлкін жымқыру секілді әрекеттерге барады. Ғаламторды торуылдайтын алаяқтар халықаралық деңгейде таралған. Яғни, бір елде отырып, екінші елдегі адамдарды арбайды. Елімізде көп кездесіп жүрген алаяқтық түрлеріне: интернет-дүкенмен байланысты алаяқтықтар, телефон-алаяқтық, SMS-алаяқтық және интернет-банкинг арқылы жасалатын қылмыстар жатады.

Алаяқтар зейнеткерлерге телефон соғып, өздерін банк қызметкерлеріміз деп таныс-тырып, олардың банк карталарынан бейтаныс біреулердің ақшаны шешіп алуға әрекет жасағандары жөнінде айтады. Алаяқтар қаражатты қауіпсіз шотқа ауыстыруы қажет деп, ізінше қарияның интернет немесе мобильді банкингті қолдана алу, алмауын нақтылайды. Одан кейін өзінің зейнетақы ақшасын қашықтан қалайша аудару болатыны жөнінде нұсқау береді не телефонына қосымшаны жүктеуді ұсынады немесе ақшаны дереу банкомат арқылы аударуға кеңес береді. Бұл жерде алаяқтардың қарттарды асықтырып, эмоционалдық қысым жасайтындарын атап өту керек.

Бүгінде алаяқтардың арбауына егде жастағы адамдар жиі түсіп қалады. Әлеуметтік желінің немесе банк картасының құпия сөзін немесе санын біліп алған алаяқ интернет арқылы жеке кабинетке кіріп, ақшаны басқа шотқа аударады. Кез келген затты сату үшін де арнайы сайттарды немесе инстаграм парақшаларын пайдаланады. Бір адам өзінің пәтерін сату үшін арнайы сайтқа хабарландыру береді. Көп өтпей оған біреу хабарласып: «Маған сіздің пәтеріңіз ұнады. Сатып алайын деп едім» дейді. «Жақсы, келіп көруіңізге болады» дейді бұл. Бірақ, ол: «Мен барғанша сатып жібермейсіз бе? Мен басқа қалада едім. Сізге барғанша 2-3 күн өтеді. Сондықтан сіздің төлем картаңызға ақшаны салып жіберейін», дейді. Клиенттің табыла кеткеніне қуанған бұл адам да көп ойланбастан оған банк картасының нөмірін береді. Сәлден кейін қайта телефон шалған сатып алушы: «Мен сізге ақша аудардым. Қазір сізге бір хабарлама келуі тиіс. Сол хабарламадағы кодты маған айтып жіберсеңіз, сізге ақша түседі» дейді. Бұл кісі болса, келген кодты айта салып, алаяққа алданып қалады. Өйткені осы код арқылы әлгі адамның есепшоты бойынша кез келген операцияны жасай беруге болады. Құпия кодты ешқандай адамға беруге болмайтынын есте мұқият сақтайық. Банктер болсын, құқық қорғау орындары болсын, еш уақытта сізге телефонмен хабарласып немесе мессенджермен жазып, логин, пароль секілді құпия мәліметтерді сұрамайды. Тіпті, қажет болған жағдайда, банк қызметкері сізге хабарласып, бар мәселені нақтылау үшін «біздің кез келген бөлімшемізге келіп кетіңіз» деп өтінуі мүмкін. Өйткені, телефон арқылы ондай мәселелер шешілмейді. Алаяқтардың алдауынан сақ болыңыздар! Ал егер де келеңсіз жағдайға тап болсаңыз, жергілікті полиция департаментінің кезекші бөліміне жүгініп, 102 нөміріне қоңырау шалуыңызға болады.

Жанаргүл МҰРАТҚЫЗЫ, тілші

ШӨБЕРЕНІҢ ҚОЛЫНАН СУ ІШКЕН АҚЫЛШЫ ӘЖЕ

Қазақ халқында “Шөбере қолынан су ішкен жан – өмірдегі бақытты жан” деген жаныңа жақын қасиетті сөз бар. Біздің бүгінгі әңгімемізге арқау болып отырған кейіпкеріміз де осы қатардан орын алып, шөбере қызығына бөленіп отыр. Кездесе қалсаң, “ай-налайын” деген жылы сөзімен айналып, күн сәулесіндей шапағатына бөлейтін ақ жаулықты ана Нағима Шәріпова Тайынша қаласының тұрғыны..

Біз білетін Нағима әжеміздің жаны – бұлақтың суындай мөп-мөлдір. Өзінің сабырлы мінезімен, мейірімділігімен отбасында аяулы ана, ақылшы әже, әке орнына әке болып отырған ерекше жан. Нағима Уәлиқызы – ата-анадан жалғыз. Тағдырдың жазуы болар, бір әке, бір шешеден өрбіген 13 баладан осы кісі ғана өсіп-жетілген, алдында ағасы, соңынан ерген бауырлары жоғы, әрине, өкінішті. Бірге туған бауырлары болмаса да, ол өмірге ерекше құлшыныспен қарайды, ата-анасының үмітін ақтауға тырысып, еңбекке ерте араласқан. Кейін Кеңес Шәріпов деген азаматпен тұрмыс құрып, шаңырақ көтерді. Жолдасы Кеңес екеуі 33 жыл бірге отау құрып, өмірге жеті бала әкелді. Алғашқыда темір жолда, кейін Тайынша өңірінде ішкі істер бөлімінде қызмет атқарған Кеңес атамыздың өмірі ұзақ болмады.

Нағима әжеміз балаларының ортасында тағы да жалғыз қалды. Тағдырдың қатал сынына төтеп беріп, балаларына өзі тәрбие берді, еңбектен де қол үзбеді. Аудандық тұрмыстық қызмет көрсету үйінде 25 жыл тігінші болды. Зейнет жасына жеткенше осында еңбек етіп, көпшіліктің алғысына бөленді. Әжеміздің суреті үнемі Құрмет тақтасында тұратын.

Балаларының әрқайсысы – өз алдына бір-бір отау тіккен, еліне елеулі, халқына қалаулы азаматтар. Қиындықтан қорықпайтын, байлыққа қызықпайтын мінезінің арқасында Нағима әжеміз – өз отбасына ғана емес, өзгеге де сыйлы жан. Ағайын-туыстың, тіпті, көршілерінің, жолдастарының да қуанышы мен қайғысын жанымен түсініп, ақыл-кеңесін беруден ешқашан тартынбайды. Нағима әжеміздің көңіліне кірбің түсіп, ана жүрегі жараланған тағы бір ауыр кезең – қызы Айманның өмірден ерте озғаны. Бірақ “Артында бар оңалар” дегендей, қызының артында ұрпағы қалды. Сол ұрпақтан Нағима әжеміз Саят есімді шөбере сүйді. Енді шөбере қолынан су ішіп, бақытты жандар қатарына енді. Бұл күні 13 немере, 23 шөбере сүйіп отырған әжеміздің кейінгі жас ұрпаққа айтары да мол.

– Шаңырақта ең бірінші татулық, сыйластық болуы тиіс, өйткені, өмірдің ұлы жолы – үйіңнің табалдырығынан басталады, – дейді асыл ана. Өмірде көргені көп, көкейге түйгені мол әзиз ана адал еңбек етіп отбасын шаттыққа бөлеу әр адамның парызы екенін айтады. Әжеміздің өмір жолы – кейінгі ұрпаққа үлгі. Бүгін қа-



жырлы еңбегінің зейнетін көріп, өнегелі тәрбиемен өсіп, көркейген ұл-қыздары аналарын аялап, перзенттік борыштарын абыроймен өтеуде, ал 90 жасқа бет алған асыл әже болса, ұрпағының ортасында бақытты күн кешуде. Өмір мектебінен өткен әже — тағдырдың сан түрлі сынына төтеп беріп, сабырлық пен даналықты серік еткен, отбасының алтын діңгегі.

Ол — ұрпақ тәрбиесінде ұлттық құндылықтарды дәріптеп, өмірлік тәжірибесімен бөлісетін, мейірім мен ізгіліктің бейнесі. Мұндай әжелер - ұрпаққа өнеге. Қазақ әйеліне тән қарапайымдылық, мейірімділік жүзінен көрініп тұрған қадірлі асыл ана, ақылшы әжеміз! Бүгінгідей мерейлі мереке қарсаңында отбасыңызға амандық, жеке өзіңізге мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр, қажымас күш-қайрат, ортаймас несібе-дәулет, ұрпағыңыздың қызығын көре беруді тілейміз. 8 Наурыз Мерекесі құтты болсын!



Гүл ЖАМАШҚЫЗЫ, *Тайынша таңы*

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ДАНА АНАЛАРЫ

Сан ғасырдан бері қалыптасып келе жатқан қазақтың рухани жан дүниесіндегі ерекше қасиеттерінің бірі – ана мен қыз балаға деген шексіз құрмет көрсету тәрбиесі еді. Мұны ананың қоғамдағы ерекше орны мен сипатын бағалай білген ұлтымыздың ешкімге ұқсамас бірегей қасиеті деп ұғынған жөн. Қазақ тарихы мен мәдениетін зерделесек, сан ғасырлар бойғы күресте елдігін ерен ерлігімен, асқан парасатымен, даналығымен, шексіз шыдамдылығымен сақтай білген, ұлттық рухты ұрпағының бойына игі ісімен сіңіре білген әйел-аналар да аз емес.

ДАНАЛЫҒЫ ДАРА ДОМАЛАҚ АНА

Домалақ ана қазақ даласына VII ғасырда жеткен Араб халифатының әскери өкілдерінен бұрын бейбіт мақсатпен келген, ислам дінін уағыздаушыларының бірі болған араб дегдарының қызы. Өзі де елді имандылыққа шақырып, жас кезінен сәуегейлігімен танылған. Осындай игі ісімен, тартымдылығымен Бәйдібек бабамыздың назарына іліккен.

Ел аузында ол кісі жөнінде аңыз-әңгіме көп. Соның былай өрбиді: «Бәйдібек заманында жайлауында үйір-үйір жылқысы, келе-келе түйесі, отар-отар қойы өрген, шығыс пен батысқа керуендер жүргізген асқан бай адам болған. Бірде Ала-тау асып келген қалың жау Қаратау жонын жайлап отырған Бәйдібектің ауылын шауып, сан мың жылқысын түре айдап кетеді. Бәйдібек бастаған ел азаматтары ауылда болмаса керек. Содан жау шапты деген хабарды естіп, Бәйдібек елден жасақ жиып,

қасына үлкен әйелі Сары бәйбішеден туған алты ұлын алып, жауға аттанғалы жатқанда Нұрилә:

– Бай-еке, малдың құты, жылқының иесі құла айғыр қолда қалды. Амандық болса, алты күннен кейін жылқы жауға қайыру бермей өзі ауылға келеді. Жауды қума, азаматтар аман болсын, осы тілегімді беріңіз», – деп өз отауының белдеуінде матамен байлаулы тұрған, жүген-құрық тимеген шү асау айғырды көрсетіпті.

Бірақ жауға кектенген батыр әйелінің тілін алмай, жасағын бастап жүріп кетіпті. Бәйдібек жасағы жауға Күйік асуында жетіп, қырғын ұрыс салыпты. Алайда жасанып келген жау аттанға ілесіп атқа қонған аз жасаққа теңдік бермепті. Осы соғыста қаза тапқан алты ұлын Үшқарасай жазығына жерлеп, кері қайтыпты. Арада алты күн өткенде байлаулы тұрған құла айғыр жер күңіреніп дүлей күшпен кісінеді дейді. Сол күні кеш шамасында шығыстан қалың шаң көтеріліп, ұзамай Бәйдібектің қалың жылқысы көрінеді. Ереуілдеп барып, кері қайтара алмаған жылқыны Домалақ ана осылайша үйде отырып-ақ түгел қайтарып алса керек. Осылайша ел анасы жалғыз отағасына емес, барша елге даналығымен дараланған. Домалақ ана ел арасындағы ушыққан дау, асқынған араздықтың бейбіт шешімін табуға үлес қосқан. Ел билеген азаматтардың өзі кейбір келелі мәселелерді шешерде Домалақ анамен кеңесіп отырған. Домалақ анадан тараған ұрпақтарының бәрі де біліммен, ақылымен көзге түсіп, ел билеген.

Жанаргүл МҰРАТҚЫЗЫ, тілші

АНАЛАР, МЕРЕКЕЛЕРІҢІЗБЕН!

Иә, әрбір сәби анасынан шыр етіп түсіп, жарық дүниенің есігін ашқан мезгілден бастап, жер ананың тұнық ауасымен тыныс алып, тынышталып оның әлдиіне бөленіп, мейіріміне кенеліп, бір Алланың жетегіне ару ананың етегіне орала жүріп, аяқ басып ат жалын тартып мініп, тәлім-тәрбие алып, ата-бабаның салт-дәстүр, үлгі өнегесімен сусындап, осы бір теңдесі жоқ мерейлі, ақ көңілмен аялы қамқордың арқасында адам санатына қосылып, табиғи заңдылығы бойынша ұрпақ жалғастығын, өмір ұштастығын жасайды емес пе?

Сол бір теңдесі жоқ, ақжарқын, ақкөңіл мейірбан аналардың ой-пікірімен санасып, көңілін тауып, ананың ақ жүрегінен орын ала білу, жеткіншек ұл-қыздарымыздың анаға деген адал да шынайы махаббатының бет-бейнесі, өлшеусіз сый-құрметінің жарқын көрінісі болмақ.

Ананың асыл сөздерімен қатар, беймәлім мұңды көздері шаттанып жаудырай күліп, жадырап көңілді жүрген бақытты кездерімен бет-бейнесі, бәрі-бәрі бала жүрегінен мәңгілік орын алып, орныға түсері ләзім. Әрбір адамның өткен өмір мектебінен алған сабақ, тәлім-тәрбие, ұлағатты ұғымдар ұрпақ үшін өмір бойы рухани азық болып, қисынсыз кезіккен қиындықтан жол тауып, жығылғанда тұрғызып, сүрінгенде сүйейтін және үлкен адамгершілікке ие болу, қасиетті қазақи салт-дәстүрімізді өмірде жүзеге асыру сияқты осының барлығы да абзал аналардан бастау алып, жалғасын табары да тауып келгені де өмір шындығы, теңдессіз уақиға осы бір жүрек жарды шағын әңгімеміздің арқауы болып отырған уақиға жыл сайын асыға күтіп қарсы алатын жайдары да жарқын аяулы да ардақты әркез жанарынан жылулық нұры төгіліп, ұлағатты сөзінен ұлылық көрінетін абзал аналардың дәстүрлі көктем мерекесі 8- Наурыз мерей тойы да келіп жетті. Отбасының шам-шырағы, ақ жүрек, абзал ана, ардақты жар, Сіздерді құттықтай отырып, зор денсаулық, баянды бақыт, қажымас қайрат, ұзақ ғұмырлы болып, ойлаған арман тілектеріңіз өз орынын тауып, орындала бергей! Әрбір басқан қадамдарын өзгеге үлгі етіп, айналасын ізгі ниетпен қастерлеп, өнегелі өмір ұстанымдарын өз орталарына паш етіп жүрген, осынау абырой иелерін және балдай тәтті қыздарыма құрметпен бас иіп, төмендегі жыр шумағымды арнадым.

Мерей тойын-Аналардың

Шат күлкісін-Балалардың

Тыңдайықшы бөбектердің

Анаға арнап салған әнін.

Мерей тойы-Аналардың

Келтіреді тойдың сәнін

Аналардың игі істерін

Ұрпақтарға жалға бәрін

Той иесі-Аналарым

Гүлдендірдің аула бағын

Сол гүлдерің аман болсын

Жарқын болғай болашағың

Мәңгіліксің-Аналарым

Гүл-жазира сая бағым

Шаршасаңда қол жеткіздің

Артыңа енді қарамағын

Сенімді ақтадың бүгін

Анашым жаным, анашым күнім

Мерей тойыңда жадырап күлші

Өмірдің ұмыт, сынағын, жүгін.

**Қожа Қазанұлы,
газеттің арнаулы тілшісі.**

ХАЛЫҚҚА АРНАЛҒАН МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР

Қазақстан республикасы Қорғаныс министрлігі Тайынша ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі арқылы мынадай мемлекеттік қызметтер көрсетіледі:

1. «Әскери міндеттілерге әскери билеттерді немесе олардың телңұсқаларын беру» мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі 5 жұмыс күні құрайды: мемлекеттік қызмет көрсету нысаны:электрондық (ішінара автоматтадырылған) немесе қағаз түрінде.

2. «Әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке қою» мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі 2 жұмыс күнін құрайды; мемлекеттік қызмет көрсету нысаны:электрондық (ішінара автоматтадырылған).

3. «Әскери қызмет туралы мәліметтерді өзектендіру (түзету)» мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі 3 жұмыс күні құрайды; мемлекеттік қызмет көрсету нысаны:электрондық (ішінара автоматтандырылған).

4. Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде «азаматтарды әскери-техникалық және басқа да әскери мамандықтар бойынша даярлау» мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі (өтініштер мен құжаттарды қабылдау күні қызмет көрсету мерзіміне кірмейді): мемлекеттік қызмет көрсету нысаны электронды.

1) бірінші кезеңде, құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап -2 жұмыс күні;

2) екінші кезеңде – сабақ басталған сәттен бастап 42 жұмыс күні.

5. «Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне күәліктер беру» мемлекеттік қызмет көрсету нысаны электрондық немесе қағаз түрінде

1)құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап 1 жұмыс күні;

2) күәлік беру үшін ақпарат пен қажетті мәліметтер болмаған кезде мерзім 30 жұмыс күніне дейін ұзартылады;

3) бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы елдерінің мұрағаттарынан ақпарат алу қажет болған жағдайдакүәлікі беру мерзімі Көрсетілетін қызметті алушыны мерзімді ұзарту туралы бір жұмыс күні ішінде кейіннен хабардар ете отырып, 90 жұмыс күніне дейін ұзартылады.

Ирина Соломатова,
Қызмет басшысы (адами және көлік
ресурсын автоматтандырылған есепке алу
және мемлекеттік қызмет көрсету)

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ - ҒАСЫР ІНДЕТІ

Жемқорлыққа
ЖОЛ ЖОҚ!



Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік-экономикалық даму, нарықтық экономиканы құру инвестициялар тарту процесін баяулататын және демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсер ететін, елдің даму болашағына айтарлықтай қауіп төндіретін құбылыстың бірі болып табылады.

Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру маңызды. Әр адам өз құқығын, өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану керектігінің нақты жолдарын білуі қажет.

Сыбайлас жемқорлық - мемлекеттік құрылымдардың экономика аясында қылмыстық құрылымдармен біте қайнасуы, сондай-ақ мемлекеттегі лауазымды адамдардың, қоғамдық және саяси қайраткерлердің сатылғыштығы, паракорлығы. Өзінің қызметтік мәртебесі мен өкілеттіктерін жеке, топтық және өзге де бейқызметтік мүдделер үшін пайдалану жолымен жеке игіліктерді алу әрекетінен көрініс табады.

Жемқорлықпен күрес бүгінде елімізде мемлекеттік маңызы бар түйткілді мәселеге айналып отырғандығы шындық. Елдің ертеңі үшін, болашақ келер ұрпақ алдында еңсемізді биік көтеріп жүру үшін, жемқорлық індетімен белсене күресу қажет. Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ. Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі ушықпауы үшін оны тоқтатудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болады. Сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы деп білу керек.

М.Х.ИСАЕВ,Тайынша аудандық сотының
аға приставы

ҚЫЗ – БОЛАШАҚ АНА, ШАҢЫРАҚТЫҢ БЕРЕКЕСІ

Қазақ халқы қыз – болашақ ана, шаңырақтың берекесі деп, оның тәрбиесіне баса мән берген. Алайда көпшіліктің қазіргі қыздар тәрбиесіне көңілдері тола бермейді.Әлеуметтік желіде де көп талқыланатын мәселенің бірі – қыз тәрбиесі. Киім киісінен бастап, сөйлеуі, тамақ дайындауы, тіпті атқарып жүрген қызметі де талқыға түсіп жатады. Өйткені қыз тәрбиесіне немқұрайлы қарай алмайтын қасиет қазақтың қанына сіңген.



Шынайы өмірде орын алып жатқан әр жағдай қыздарға тікелей байланысты.Көптеген жеткіншек қыздар жасөспірім шағында өзіне деген сенімділігін жоғалтып алады,сол себепті де олар өздерінің нақты қалауларына жете қоймайды. Қазіргі таңда жас қыз-келіншектерге арналған көптеген түрлі өмірлік пайдалы кеңестер жеткілікті. Ал,оларға көз салып қана қоймай, іске асырып, өмірлік тәжірибеге айналдыру сізге тікелей байланысты.

Иә,әрине сіздің жеке өміріңізде дәл қазір қандай ситуациялық жағдаяттар орын алып жатқандығын білмегендіктен,нақты былай істе немесе жоқ,бұның дұрыс емес деп дөп басып ештеңе айта алмаймыз,әлбетте тым қиын жағдайда сіз үшін ақылшы да,кеңесші де тек өзіңіз ғана.Бір істің басын ашып алу үшін өзгелер "не дейді", "- не айтады" деген ойдан өзіңізді аулақ ұстаңыз.Тек ішкі түйсігіңізге құлақ асып,ең дұрыс деген шешімді қабылдауға тырысыңыз.Өткеніңізде кеткен қателіктер болашағыңызға кері әсерін тигізбеуін де қадағалағаныңыз жөн болады.Қабылдап қойған шешіміңіз туралы ешқашан екі қайтара ойлаудың қажеті жоқ.Шешімді қабылдамай тұрып,үш рет өлшеп,бір рет кесіп,келтесін шығарып алыңыз.Ал,өтіп кеткеннен кейін,ол туралы ойлап,жүйке жүйеңізге салмақ түсіріп,ойыңызды жамандықтармен ұлап алмаңыз.

Көп шығын шығармай өзіңізге қалай күтім көрсетуге болады? Бұл сұраққа келетін болсақ,жауабы тым қарапайым.Кез-келген әйел заты өз-өзіне күтім жасау үшін көп уақыт пен көп шығын жаратудың қажеті жоқ.Бәрін тым қарапайымынан бастау керек және күтім деп өз өміріңізді қиындатып жіберу артық дүние.Бар болғаны күніңіздің 10-15 минутын өзіңізге арнасаңыз,аз да болса,жан дүниеңізді еркін сезінесіз.Сыртқы келбетті әсемдеу үшін ешқандайда жасанды косметикалық өнімдер мен табиғи емес бетке және теріге арналған сықпа майларды қолданудың қажеті жоқ.Әрқашан есіңізде ұстаңыз: шынайы сұлулықтың биік шыңы-табиғи сұлулық. Қыз баланың сұлулығында негізінен шаш пен тері басты рөл атқарады.Сондықтанда кез-келген қыз баласы өз сұлулығын шынайы түрде сақтау үшін табиғи өнімдерді жаратқаны жөн.Күтімді бәрінен бұрын бет терісінен бастаған дұрыс.Беттің тазалығы терінің жеңілдеуіне әсер етеді.Шашты күнделікті жиі тарау,шаштың өсу қарқынын жиілетеді.Және де бастағы қан айналымына да көмектеседі.Табиғи шашыңыздың ұзындығына тиіспеуге тырысыңыз,түрлі түстерге бояп,күйдіруден аулақ болыңыз. Ең абзалы артық қыламын деп,тыртық қылып алмаңыз.

Қыздарға берілетін тағы да бір кеңес,гардеробпен тығыз байланысты.Әрине,әркімде әртүрлі киімдер болады.Біреу де аз,ал біреуде тым көп.Киім аз болса да,гардеробтың әрдайым жинақы түрде,әрі таза болып тұруы әсте маңызды.Сонымен қатар ешқашан сән қуып,әдемілікті іздеудің қажеті жоқ.Бар болғаны өзіңізге ыңғайлы,жарасымды стильде киінсеңіз болғаны.

Ол сіздің сән әлеміңіз болуы шарт. Атақты сән әлемінің патшайымы Коко Шанель былай деген болатын:"Әйел адамның ең сұрықсыз жері,ол оның-тізесі".Оның үстіне қазақта да киелі сөз бар емес пе,"есі бар қыздың етегі ұзын болады"деген,етегіңізді қымтап,өзіше жарасымды киім киіп жүрсеңіз. Бұл сіздің әдемілігіңіз болары сөзсіз. Қыздардың табиғаты сол, сұлулыққа, жылтыраққа, романтикаға жаны құмар. Алайда, осы күні қыздарымыз нәзік болмысынан алшақтап, жігіттердің жұмысына да белсене араласып кетіп жатады. Бұл тек іске ғана байланысты емес, түр-әлпетіне де көп мән бермей, киім киюде де ұлдардың стилін қабылдап алады. Бұл қыз баланың табиғатын бұзады дейді мамандар. Ол өзіне тән нәзіктік пен биязылықты басып тастап, еркекшора болып шыққанын байқамай қалады. Сол уақытта қыздар айналасына сол биязылықты шашудан қалады. Ал ерлерді баурататын қыздардың ең бірінші қасиеті – биязылығы.

Сонымен қатар, адам бойындағы биязылықтың да шегі болады екен. Жұмыс, оқу, бітпейтін қарбаласпен жүрген уақытта қыздардың бойында сол биязылық сейіліп, робот қалпына еніп кетеді. Ал оны бойыңа қайта толтыру үшін мамандар қыздарға әр нәрседен сұлулық көруге кеңес береді. Мысалы, таңертең далаға шыққан бойда ағаштардың әдемі теңселіп тұрғанын байқап, ерекше бір көркемдік көруге тырысу, шайдай ашық көк аспанның сұлулығына тамсану, тіпті аяқ астындағы тегіс асфальттан да әдемілік көруге болады екен. Гүл, моншақ, жылтырақ және т.б. әсемдіктерден ләззат алуды айтпағанда. Бұны біртіндеп әдетке айналдыруды ұсынады. Осылайша қыздың бойында сол биязылық қайта қалпына келіп, табиғи баланс орнайды. Нәзіктікті әсірелеудің тағы бір жолы, мүмкіндігінше әрдайым белдемше киіп жүру екен. Белдемше киген бойда әйел адам өзін ерекше сезініп, тағы сол биязылықтың артуына психологиялық тұрғыда әсер етеді. Солай қыздар, әрдайым әдемі болып жүріңдер!

Жанаргүл Мұратқызы, газет тілшісі.

Меншік иесі: «Тайынша таңы»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Газет аудан әкімінің қолдауымен шығып,
мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу
жөніндегі ресми басылымы болып табылады.

Индекс: 65710

Газет әр аптаның жұма күні шығады.

Директор -
Бас редактор
Гүл НҰРАЛИНА



Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінде 2010 жылы 20 қазанда қайта тіркеліп,
№10803-Г куәлігі берілген.

Газет «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің
компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп, «Старкова А.А.»
ЖК-де офсеттік тасілмен басылған 020000. Көкшетау қаласы,
Әуелбеков көшесі, 98 үй.

Тапсырыс: 80 Таралымы: 1300.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
Солтүстік Қазақстан облысы,
Тайынша қаласы, Қазақстан Конституциясы, 206-үй.
БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНЫМЫЗ:
8 (715-36) 2-19-99

Жарияланған мақала авторларының пікірлері
редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазба
қайтарылмайды. Келген хаттарға жауап
жолданбайды. Жарнаманың, келіп түскен
материалдардың мазмұны мен мәтініне
хабарлама беруші автор өзі жауапты.